

— Ой, Днепро, Днепро! — деген  
бір дауыс,  
Шыққандай жердің өзегін жарып,  
Тебіренте бойды қайнатып намыс,  
Жаңғыра тиді аспанға барып.

Алдағы жеңіс нұр шұғыласындай,  
Үстінде майдан ту болып шалқып...  
Ұмтылдықыздербатысқа қарай,  
Дауыл боп ұйытқып, өрт болып шарпып...

— Ат! — деді Мартбек, — айнала бұрқат,  
Тілгіле оқпен құрсауын жаудың.  
Желпініп сол кез қақты кеп қанат,  
Бүркіті қайсар Ала бір таудың.

# Март бек

(поэмадан үзінді)

Ыдырай қашқан ерліктің бауын,  
Шумақтап түйіп алды бір жинап,  
Жалаңаш жерге жатқызып жауын,  
Оқпенен орай салды бір сипап.

Ғажайып қайрат денесін кернеп,  
Шабытпен түлеп, кек жалын атып,

Ұмтылды Мартбек! — Алмаған ер! — деп,  
Әмірлі даусы бой шымырлатып...

Алдында жүзіп пулемет «Максим»  
Келеді Мартбек бұрқырап атып,  
Шойын боп үсте су сіңген киім,  
Ойнайды өлім аяқтан тартып.

Бірісе алдан, бірісе арттан,  
Түседі жаудың оқтары зулап,  
Көк ала түтін — шөптей боп шапқан  
Жапырылады үйіле құлап.

Біздің де аяр жанымыз жоқ! — деп,  
Қарғыды суға жауынгер ерлер,  
Қадалып жатыр кеудеге оқ кеп,  
Сонда да ерлер келеді сілтеп.

Келеді сілтеп, уралап, шауып,  
Жаудырып оқты бұл жанталаста,  
Үстіңде Днепро толқын боп тулап,  
Ажалды аста тепкілеп басқа...

1944 ж.